



# Прованстағы уикенд

A Weekend in Provence

Уикенд в Провансе

мәтіні Алина Краснова  
фото Shutterstock

Егер сіздер Францияға небәрі бірнеше күнге ғана баратын болсаңыздар, онда Провансқа тартып отырыңыздар. Осы жерлер суретші-импрессионистерді, әдебиетшілер мен жазушыларды шабыттандырған, Провансты сүймеу мүмкін емес, ол бір көргеннен-ақ жүректеріңізді жаулап алады және Францияға мүлде басқа көзбен, жаңаша қарауға түрткі болады.

## Таңғажайып табиғат

Провансқа машинамен барған дұрыс, сонда сіздер оның сұлулығын асықпай және рақаттана тамашалай аласыздар. Осы өңірдің бірегейлігі мынада, мұнда жылдың кез келген мезгілі жақсы болады. Белсенді маусым ағаштар ақырындап көгере бастаған және алғашқы гүлдер пайда болған көктемде басталады. Жаз шыға демалушылардың саны күрт өседі —

text Alina Krasnova  
photo Shutterstock

If you are planning to spend a few days in France, then head to Provence. The region has famously inspired artists such as the Impressionists and many renowned writers. It is impossible not to fall in love with Provence. It will win your heart at first sight and make you see France in a whole new way.

## Amazing Nature

The best way to visit Provence is by car. This way you will get the chance to enjoy the beauty of the region without rushing. Provence is unique in that it has no wrong season to visit. The busy season starts in spring, as the trees slowly turn green and the first flowers appear. When summer comes, and the

текст Алина Краснова  
фото Shutterstock

Если вы едете во Францию всего на несколько дней, отправляйтесь в Прованс. Эти места вдохновляли художников-импрессионистов, литераторов и писателей, в Прованс просто нельзя не влюбиться, он покорит ваше сердце с первого взгляда и заставит взглянуть на Францию совершенно по-новому.

## Удивительная природа

В Прованс лучше ехать на машине, так вы сможете не спеша и с удовольствием познакомиться с его красотами. Уникальность этого региона заключается в том, что здесь хорошо в любое время года. Активный сезон начинается весной, когда деревья потихоньку зеленеют и появляются первые цветы. С наступлением лета количество отдыхающих



өйткені лаванда гүлдей бастайды.

Күз келгенде, ауа райы өзгереді, бірақ болмашы ғана. Жағалауда жаздағыдай жылы болады, сондықтан адамдар суға шомылып, күнге қыздырынуларын қазан айының ортасына таман, ең алғашқы түнгі суықтар түскенге дейін жалғастырады. Таулы аудандарда сәл салқындау болады, сондықтан мұнда қыркүйек айының соңында-ақ жапырақтар күрең, қанқзыл, қызғылт сары түстерге боялады.

Егер Прованспен оңаша болуды қаласаңыздар, онда қыста келіңіздер. Мұндағы қыс өзгеше жұмсақ, жылы күндері көп және ауа температурасы +10+15 градус шамасында болады.

Айтпақшы, дәл осы Прованста Сент-Виктуар тауы немесе Әулие Виктория тауы бар, оны өз полотноларында Поль Сезанн мадақтаған, ал таудың етегіндегі Вовенарг қорғанында Пабло Пикассо Сезанн мен Мане шығармаларының желісі бойынша бірнеше картиналарын салған.

number of holiday-makers dramatically increases, the lavender is in bloom.

When autumn begins, the weather changes slightly. It is still warm at the coast, just as in the summer, so people can swim and sunbathe until the first night frosts that happen nearer mid-October. The mountainous areas are a little cooler, and by the end of September the leaves here take on ochreous, vinous and purple shades.

If you want to get to know Provence better, come in winter. This season is gentle here with a great number of warm days and the temperature stays between 10 and 15 °C.

The Mont St Victoire, or the Mountain of Saint Victoria, is located in Provence and is the mountain Paul Cézanne paid homage to in his paintings. At its foot is the Château de Vauvenargues, the former home and studio of Pablo Picasso, who was a great admirer of Cézanne.

резко возрастает — начинает цвести лаванда.

С приходом осени погода меняется, но совсем незначительно. На побережье почти так же тепло, как летом, поэтому здесь продолжают купаться и загорать вплоть до наступления первых ночных заморозков, которые случаются ближе к середине октября. В горных районах немного прохладнее, поэтому уже к концу сентября листва здесь окрашивается в цвет охры, бордовые, багряные тона.

Если вам хочется побыть с Провансом наедине, отправляйтесь сюда зимой. Здесь невероятно мягкие зимы с большим количеством теплых дней и температурой воздуха около + 10–15 градусов по Цельсию.

Кстати, именно в Провансе находится гора Сент-Виктуар, или гора Святой Виктории, которую воспевал в своих полотнах Поль Сезанн, а у ее подножия стоит замок Вовенарг, где Пабло Пикассо создал несколько картин по мотивам произведений Сезанна и Мане.

### Негізгі үш қала

Өңірдің бас қаласы — Экс-ан-Прованс, ол Францияның тарихи және мәдени мұрасының тізіміне енгізілген. Осы орта ғасырлық классикалық қалашық өзінің тар, жұмыр тас төселген көшелерімен, ең биік болғанда 3-4 қабатты үйлерімен, субұрпақты алаңдарымен және Қайта Өрлеу Дәуіріндегі бүкіл сән-салтанатымен әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшыларды тартады. Машинаны орталық көшелердің біріне қалдырып кеткен және содан кейін жаяу жүрген дұрыс болады: біріншіден, еңсіз, тар көшелерге автокөлікті тұраққа қою қиынға түседі, екіншіден, тек жаяу серуен ғана Экс-ан-Прованстың қайталанбайтын төл табиғатын сезінуге мүмкіндік туғызады. Бұл қаланы асықпай аралап жүріп зерттеу керек, жол-жөнекей шағын ресторандарға кіріп, әңгімелесуге бейіл, әрі соңғы жаңалықтарды талқылауға құлықты жергілікті тұрғындармен танысу да теріс болмайды.

### Three Main Cities

The region's capital is Aix-en-Provence, a city listed as part of the historical and cultural heritage of France. It is a classical medieval town with narrow, cobbled streets, buildings that are no more than three to four storeys high, squares with fountains and a Renaissance charm that attracts tourists from all over the world. If you come by car you should leave it on one of the larger streets and set off on foot. Not just because is it difficult to park in the narrow streets, but also because walking is the only way to absorb the unique environment of Aix-en-Provence. You should explore the city slowly, step by step, stopping off in small restaurants on your way and making friends with the local residents, who are always ready to chat and discuss the latest news.



### Три главных города

Столицей региона является Экс-ан-Прованс, включенный в Список исторического и культурного наследия Франции. Это классический средневековый городок с узкими, мощенными булыжником улицами, домами максимум в 3-4 этажа, площадями с фонтанами и всем тем очарованием эпохи Возрождения, которое влечет сюда путешественников со всего мира. Машину лучше оставить на одной из центральных улиц и дальше идти пешком: во-первых, парковаться на узеньких улочках достаточно проблематично, во-вторых, только пешая прогулка позволит вам ощутить неповторимую атмосферу Экс-ан-Прованса. Этот город нужно исследовать неторопливо, шаг за шагом, заходя по пути в небольшие ресторанчики и знакомясь с местными жителями, которые не прочь поболтать и обсудить последние новости.

Следующий пункт назначения — это город Кассис, раскинувшийся на берегу Средиземного моря. Хотя «раскинувший-

The next destination point is Cassis, spread out along the shores of the Mediterranean Sea. Though the term 'spread out' is slightly misleading, this is a tiny fishing port and it is easy to get around on foot. The first thing you will see, when you arrive at the main quay, is the number of fishing boats, cutters and yachts of all possible size and description. Cassis is so popular that in summer it is almost impossible to find a parking place, so many people choose to arrive by sea.

Despite its modest size, Cassis can boast of plenty of historical places of interest. There are four medieval chapels here, and perched on the mountain above the town is the Château de Cassis, a fortress from the 13th and 14th century that was built on an even older, 8th century fortress. Surrounded by cedar forests and vineyards, Cassis was and is a very popular spot for artists. Following in the footsteps of Georges Braque, Paul Signac and Raoul Dufy are numerous modern painters, as yet unknown, who can be seen at the quay, tirelessly trying to recreate their glorious surroundings on canvas.

«я» — это слишком громко сказано: городок невелик и его можно без труда обойти пешком. Первое, на что обращаешь внимание, когда попадаешь на его центральную набережную, это обилие рыбацких лодок, катеров и яхт всевозможных моделей и размеров. Кассис настолько популярен, что летом здесь иногда невозможно найти автомобильную парковку, поэтому многие выбирают морской путь.

Несмотря на свои скромные размеры, Кассис может похвастаться невероятным количеством исторических достопримечательностей. Здесь сохранились четыре средневековые часовни и расположенный на вершине горы замок Château de Cassis — крепость XIII–XIV веков, которую построили на месте еще более древней крепости VIII века. Окруженный кедровыми лесами и виноградниками, Кассис был и остается излюбленным местом жительства художников. На смену Жоржу Браку, Полю Синьяку и Раулю Дюфи пришли пока неизвестные современные живописцы, которых можно встретить на набережной — они без устали рисуют этот восхитительный город, стараясь запечатлеть его на своих полотнах.



Келесі баратын жер — Жерорта теңізінің жағасында созылып жатқан Кассис қаласы. Әйтсе де, «созылып жатқан» деу тым асыра айтқандық болар: қалашық кішкентай және оны оп-оңай жаяу аралап шығуға болады. Орталық жағалауға жеткенде ең бірінші көзге түсетіні — самсап тұрған балықшы қайықтарының, шағын кемелердің және сан түрлі үлгілер мен көлемдердегі яхталардың көптігі. Кассистің кеңінен танымал болғаны соншалық, жазда кейде автомобиль тұрағын табу қиын болады, сондықтан көпшілігі теңіз жолын таңдайды.

Өзінің шағын көлеміне қарамастан, Кассис тарихи көз тартарлық жерлерінің аса көптігімен мақтана алады. Мұнда орта ғасырлардағы төрт шағын шіркеу мен тау шыңына орналасқан Château de Cassis қорғаны сақталған — XIII–XIV ғғ. осы қамалды одан да ескі VIII ғасырдағы қамалдың орнына салған. Самырсын орманы мен жүзімдіктер қоршаған Кассис суретшілердің тұратын сүйікті орны болған және солай болып қала береді. Жорж Брақтың, Поль Синьяқтың және Рауль Дюфидің орнына әзірше ешкімге белгісіз қазіргі заманғы суретшілер келді, осы керемет қаланың суретін жалықпай салып жатқан оларды жағалаудан кездестіруге болады.



Кассисті құмарымыз қанғанша аралап шыққаннан кейін, қайтадан машинаға мініп, жағалауды бойлай Марсельге аттанамыз. Фотоаппаратты дайындап қойыңыздар, өйткені жолда сіздерге көптеген тамаша пейзаждар кездеседі. Тек Францияның ғана емес, бүкіл Жерорта теңізінің аса ірі порты болып табылатын Марсельде әр түрлі демалысқа арналған орындар өте көп. Бірақ романтикалық көңіл-күйдегі саяхатшылар үшін ең басты назар аударатын орын қаладан бір мильдік қашықтықта орналасқан, ол — аттас аралда тұрған Иф қорғаны. Иә-иә, Эдмон Дантес 14 жылын қамауда өткізген дәл сол Иф қамалы. Егер сіздер «Граф Монте-Кристо» кітабын оқымаған болсаңыздар, онда осы кемшіліктің орнын дереу толтырыңыздар, өйткені Иф қамалы — Александр Дюманың шығармашылығын сүйетін адамдар осы күнге дейін ағылып келетін қасиетті орын.

When you have spent enough time exploring Cassis, take your car and head along the coast to Marseille. Get your camera ready as you will pass some glorious scenery on the way. Marseille is the largest port city not only in France, but in the entire Mediterranean, and has a huge variety of things for visitors to see and do. If you have a leaning for the romantic, head to the island of If, with its castle of the same name. This is where Edmond Dantès spent 14 long years in imprisonment. If you have not read the book, *The Count of Monte Cristo*, you should immediately repair this omission in order to appreciate the Château d'If, which is perfectly preserved and draws crowds of admirers of the works of Alexander Dumas.

Вдоволь нагулявшись по Кассису, снова садимся в машину и вдоль побережья отправляемся в Марсель. Приготовьте фотоаппарат, ведь по пути вас ожидает множество прекрасных пейзажей. В Марселе, который является крупнейшим портом не только Франции, но и всего Средиземноморья, огромное количество мест для самого разнообразного досуга. Но главная достопримечательность для романтически настроенных путешественников находится в миле от города — на острове Иф, где стоит одноименный замок. Да-да, это тот самый замок Иф, где Эдмон Дантес провел в заточении долгих 14 лет. Если вы не читали книгу «Граф Монте-Кристо», срочно восполняйте этот пробел, ведь замок Иф — это знаковое место, куда до сих пор стекаются толпы поклонников творчества Александра Дюма.





### Аңызға айналған прованстық тағам

ТМД көптеген тұрғындары Провансты майонезбен сабақтастырады. Ендеше былай: егер сіздер Прованста болмасаңыздар, онда нағыз майонездің не екенін білмейсіздер. Жұмыртқаның табиғи дәмі бар, ақшыл-сары түсті соустың біз салатқа қосып жүрген майонезден айырмашылығы жер мен көктей, олар ешқандай салыстыруға келмейді. Бірақ Прованс тағамдары тек майонезден тұрмайды. Оның үстіне, олар соншалықты бірегей, сондықтан жеке әңгімелеуге әбден лайық.

Жергілікті тұрғындардың сүйікті тамағы — буйабес, ол бұрынғы КСРО кеңістігінде марсельдік балық сорпасы ретінде танылған. Шын мәнінде осы сорпаның балық сорпасымен бір-ақ ұқсастығы бар — оны да балықтан дайындайды. Басқасында ол — бірегей гастрономиялық туынды! Буйабесті теңіз балықтарының бірнеше түрінен дайындайды, әрі Прованстың әр қаласында буйабестің өзіндік ерекше рецепті ұсынады. Өте қою сорпаны қуырылған багет кесектерімен, сарымсақпен және арнайы соуспен қосып береді. Оны жеу рәсімі де өзгеше: қуырылған нанға сарымсақ, соус жағады да, тәрелкеге салады, содан кейін үстіне сорпа құяды. Тағам өте дәмді және тойымды, бірақ міндетті түрде екінші тамаққа орын қалдырыңыздар, өйткені Прованс — өзінің бірегей теңіз өнімдерімен танылған өңір.

Прованста болғандарыңызда, *sigale de mer* — аю-шаяндар ұсынылатын ресторанды табуға тырысыңыздар, олар таңдаулы және өте сирек кездесетін теңіз өнімдерінен жасалған жеңсік тағамға жатады. Сіздер оның жағымсыз сыртқы түрінен қорықпаңыздар: тірі кездерінде олар бұдан да қорқынышты көрінеді. Бірақ дайын күйінде бұл — керемет тамақ, тамақ талғағыштардың бағалауы бойынша, олар тіпті омарлардан да дәмді екен.

Әрине, осы гастрономиялық таңғажайып дәмнен кейін тек жергілікті шарапты ғана ішу қажет. Жүзіндіктер мұнда өнеркәсіптік

### Legendary Provençal Cuisine

Many residents of the CIS associate Provence with mayonnaise. So, if you have never been to Provence you do not know what real mayonnaise is. Called *aioli*, this creamy-yellow sauce with egg yolks and garlic does not come within a mile of what we use as salad dressing. But the cuisine of Provence, of course, has far more to offer than just that and is worthy of a story all of its own. The most popular local dish is called *bouillabaisse*, known in the former USSR as 'Marseille fish soup'. It is not, in fact, any ordinary fish soup, but an extraordinary gastronomic achievement. *Bouillabaisse* is made from a variety of sea fish, and each city in Provence will have its own special recipe. It is a thick soup served with pieces of fried baguette, garlic and a special sauce. There is also a special way to eat it: toast rubbed with garlic and covered with sauce is put on your plate, then the soup is poured over it. This dish is incredibly delicious and rich, but make sure to leave some room for the second course as Provence is famous for its seafood.

While in Provence try to find a restaurant that serves *sigale de mer*, also known as slipper lobster, a rare and special local delicacy. Don't be afraid of their unappealing appearance; the living creatures look quite alarming, but when cooked they make a dish so delightful that many gourmets prefer them to ordinary lobsters.

### Легендарная провансальская кухня

У многих жителей СНГ Прованс ассоциируется с майонезом. Так вот: если вы не были в Провансе, то не знаете, что такое настоящий майонез. Соус кремово-желтого цвета с натуральным яичным вкусом не идет ни в какое сравнение с тем, что мы привыкли добавлять в салаты. Но кухня Прованса — это, конечно, не только майонез. Более того, она настолько аутентична, что достойна отдельного рассказа.

Излюбленное блюдо местных жителей — это буйабес, известный на просторах бывшего СССР как марсельская уха. На самом деле с ухой у этого супа общее только одно — его тоже делают из рыбы. В остальном это совершенно уникальное гастрономическое произведение! Буйабес готовится из нескольких видов морской рыбы, причем в каждом городе Прованса вам предложат свой особый рецепт. Суп очень густой, подается с обжаренными кусочками багета, чесноком и специальным соусом. Едят его тоже по-особенному: гренки натирают чесноком, мажут соусом и выкладывают на тарелку, после чего туда наливают суп. Блюдо невероятно вкусное и сытное, но обязательно оставьте место для второго, ведь Прованс славится своими уникальными морепродуктами.

Будучи в Провансе, постарайтесь найти ресторан, где подают *sigale de mer* — раков-медведей, которые являются изысканным и очень редким морским деликатесом. И пусть вас не пугает их непрезентабельный вид: живые они выглядят достаточно страшновато, а в готовом виде это восхитительное блюдо, которое, по оценкам гурманов, превосходит даже омаров.

Разумеется, запивать всю эту гастрономическую феерию следует исключительно местным вином. Виноградники здесь повсюду, начиная от огромных территорий, где производят вино в промышленных масштабах, и заканчивая маленькими винными





ауқымдарда шарап шығаратын орасан үлкен аумақтардан бастап, дегустацияға келуге болатын кішкентай шарап фермаларына дейінгі барлық жерде бар. Прованста дәстүрлі қызғылт шарап көп өндіріледі, ақшыл шарап сәл аздау және қызыл шарап мүлде аз жасалады. Оның үстіне, кейбір мекемелерде қызыл шарапты мүлде ұсынбайды — бармен тек жымып қана қойып, қолдарын жаяды да: «Бұл Прованс қой, достым!» – дейді.

### Провансқа апаратын жол

Парижге ұшып келгеннен кейін сіздердің қаланың дәл орталығында орналасқан Лион вокзалына барғандарыңыз жөн. Бұл жерден әр сағат сайын, таңсәріден бастап түнге дейін TGV жүрдек пойыздары жүреді. Сіздер жолға кететін уақытқа қарай, өздеріңіз баратын оңтайлы жерді таңдауларыңызға болады: Парижден Лионға баратын жолға екі сағатқа жуық, Парижден Экс-ан-Провансқа — үш сағат, Парижден Марсельге үш жарым сағат уақыт кетеді. Егер Экс-ан-Прованс пен Марсель Прованстың өзінде болса, ал Лионнан машинамен тағы да екі сағатқа жуық жүруге тура келеді. Бірақ уақытты жоғалттым деп есептемеңіздер — сіздер оның орнын жол бойы табиғаттың таңғажайып сұлулығын тамашалаумен толтырасыздар. Үш бағыттың үшеуі бойынша да билеттің орташа бағасы 50 еуродан 130 еуроға дейін өзгеріп отырады. Билеттің дәл бағасы нақты пойыздың маршрутына, жүретін уақытына, билетті сатып алған күнге және таңдалған тарифке байланысты болады. ◀

Of course, you should only wash down this gastronomic feast with the local wine. There are vineyards everywhere here, from vast areas producing commercial wine to small vineyards that you can visit for wine tastings. Traditionally, Provence produces a lot of rosé wine, slightly less white wine and very little red. Some places don't even serve red wine, the barman will only shrug and make a helpless gesture saying, "this is Provence".

### Road to Provence

Upon arrival in Paris you should go to the Paris-Gare de Lyon train station, in the very heart of the city. The high speed TGV leaves there every hour from early morning till late at night. Choose your best destination: the journey from Paris to Lyon will take about two hours, from Paris to Aix-en-Provence three hours, from Paris to Marseille, three and half hours. Aix-en-Provence and Marseille are both located in Provence, if you go to Lyon you will need to drive an extra two hours, but you should not consider this time wasted. You will be amply compensated by the enchanting beauty of the countryside you will be travelling through. The average ticket to all three destinations will cost from 50 to 100 euro. The price will depend on the route, departure time, how far in advance you buy your ticket and which tariff you choose. ◀

фермами, куда можно приехать на дегустацию. В Провансе традиционно производится большое количество розового вина, чуть меньше белого и совсем немного красного. Более того, в некоторых заведениях красное вино и вовсе не подают — бармен лишь улыбнется, разведет руками и скажет: «Это Прованс, детка!».

### Дорога в Прованс

По прилете в Париж вам нужно отправиться на Лионский вокзал, который находится в самом центре города. Отсюда каждый час с раннего утра и до позднего вечера отходят скоростные поезда TGV. Вы можете выбрать оптимальный для себя пункт назначения, отталкиваясь от времени в пути: дорога из Парижа в Лион займет около двух часов, из Парижа в Экс-ан-Прованс — три часа, из Парижа в Марсель — три с половиной часа. И если Экс-ан-Прованс и Марсель находятся в самом Провансе, то от Лиона придется ехать на машине еще около двух часов. Но не стоит считать это потерей времени — вы компенсируете это бесконечным любованием завораживающими красотами природы на протяжении всего пути. Средняя стоимость билета по всем трем направлениям варьируется от 50 до 130 евро. Точная цена зависит от маршрута конкретного поезда, времени отправления, даты приобретения билетов и выбранного тарифа. ◀

### Қалай жетуге болады

«Эйр Астана» Астанадан Парижге аптасына 3 рет рейс жасайды.

Толық ақпарат алу үшін [airastana.com](http://airastana.com) сайтына кіріңіздер немесе +7 (727) 244-44-77 телефоны арқылы ақпараттық орталықпен хабарласыңыздар.

### Getting there

Air Astana flies to Paris from Astana 3 times a week. For more information visit [airastana.com](http://airastana.com) or contact the call centre on +7 (727) 244-44-77.

### Как добраться

«Эйр Астана» выполняет рейсы в Париж из Астаны 3 раза в неделю. Для получения подробной информации посетите сайт [airastana.com](http://airastana.com) или обратитесь в информационный центр по телефону +7 (727) 244-44-77.